

**Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының есепшотына есептелген өсімнен түскен қаражатты есепке алу мен пайдалану тәртібі туралы Ережені бекіту жөнінде**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 2 маусым N 771. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен. ~P990708

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының

Зейнетақы қорының қаржысынан зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақтылы төлеу мәселелері жөніндегі тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының есепшотына есептелген өсімнен түскен қаражатты есепке алу мен пайдалану тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 2 маусымдағы  
N 771 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының есепшотына  
есептелген өсімнен түскен қаражатты есепке алу мен  
пайдалану тәртібі туралы  
Ереже

Осы Ереже "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры жұмысының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 қарашадағы N 1329 қаулысына сәйкес жасалды және Қазақстан

Республикасы Зейнетақы қорының есепшотына есептелген өсімнен түскен қаражатты есепке алу мен пайдалану тәртібін белгілейді.

1. Мезгілінде төленбеген салық сомасынан есептелген өсімнен түскен қаражат облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының N 829 есепшотына есепке қосылады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 1-7-абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. P970505\_

2. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының халықты әлеуметтік қорғау басқармалары есептеген өсімнен түскен қаражатты келесі айдың 5-інен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының есепшотына аударып отырады.

3. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі облыстық басқармалардан Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасынан 829-есепшотына аударылған, есептелген өсімнен түскен қаражатты мұқтаж аймақтарға зейнетақыны қаржыландыру үшін N 828 есепшотына жібереді. <\*>

4. <\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда, 4-тармақ алынып тасталған - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. P970505\_

5. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының бастықтары Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының ағымдағы есепшотына есептелген өсім қаражатының дұрыс аударылуына, жұмсалуына дербес жауап береді, өздеріне аударылған қаржының жұмсалғандығы туралы Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бухгалтерлік есеп беру үшін белгіленген мерзімде тоқсан сайын есеп беріп отырады.